

«М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т. II, Ч.1.- Б. 32-34.

ӘОЖ 575.24.1:633.11.16

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ҚАЗЫҒҰРТ АУДАНЫ ЖАҒДАЙЫНДА, КҮЗДІК БИДАЙ ЕГІСТІГІНДЕГІ САРЫ ТАТ АУРУЫН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ КҮРЕСУ ШАРАЛАРЫ

Мұхтар К.М. 4 курс студенті

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ.*

Агроөнеркәсіп кешені Қазақстан экономикасының жетекші салаларының біріне жатады. Еліміздің бірегей табиғи-климаты, агроландшафты және экологиялық жағдайлары барлық дақылдарды, әсіресе дәнді дақылдарды өсіруге мүмкіндік береді, әрі қолайлы. Астық дақылдарын өсіру Қазақстанның ауылшаруашылығының дамуының әлеуетті бағыты болып табылады. Бидай – дәнді-дақылдардың ішіндегі ең басты және ең көп өндірілетін дақыл және Қазақстан республикасының ең басты ұлттық брендтерінің бірі.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан жолы - 2050" даму стратегиясының негізгі басымдықтарының қатарында ауыл шаруашылығы, мемлекеттегі азық-түлік қауіпсіздігінің, саяси және экономикалық тұрақтылықтың кепілі ретінде аталғанын назарға ала отырып, агроөнеркәсіптік кешеннің инновациялық рельстеріне көшіруді қамтамасыз ету көзделіп отыр, сондай-ақ болашақта азық-түлікке жаһандық қажеттілік өсе түсетіні айтылған.

Бидай Қазақстан Республикасының негізгі дақылы болып саналады. Елімізде жыл сайын 15 млн. гектардан астам жерде дәнді дақылдар өсіріледі. Дәнді астық дақылдарының ішінде егістік аумағының ең көп бөлігін бидай алып жатыр. Ол жыл сайын 12-14 млн. га алқапта өсіріледі және негізгі бөлігі Солтүстік Қазақстанның облыстарында шоғырланған [1].

Әлемдік қаржы дағдарысы кезеңінде, елдің азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі бірінші кезекке шыққан кезде, дәнді масақты дақылдар арасында ең көп өнімділігімен ерекшеленетін күздік бидайдың жоғары өнімді жаңа сорттарының селекциясы ерекше өзектілікке ие болады. Ылғалмен аз қамтылған жоғары температуралы Түркістан облысының климаттық жағдайында қуаңшылық пен ыстыққа төзімділік, астық сапасы мен өнімділіктің артуы үшін аса маңызды. Олар соңғы жылдары атап өтілетін жалпы жаһандық жылыну белгілері аясында аса өзекті болып отыр.

				оспар	ақты	Барлығы	Бастапқы	тамен	олта	жолға	
1	Алтынтөбе	04.04.2 2	09.05.2 2	2,0	2,0	0,010	0,01				0,01
2	Жаңабазар	19.04.2 2	20.06.2 2	2,0	2,0						
3	Жігірген	19.04.2 2	20.06.2 2	0,5	0,5						
4	Қақпақ	18.04.2 2	06.06.2 2	1,5	1,5						
5	Қарабау	22.05.2 2	12.06.2 2	2,5	2,5						
6	Қызылқия	18.04.2 2	06.06.2 2	2,0	2,0						0,02
7	Қ.Абдалиев	23.04.2 2	28.05.2 2	9,0	9,0	0,020	0,02				0,02
8	С.Рахимов	19.04.2 2	22.06.2 2	0,5	0,5						0,01
9	Турбат	26.04.2 2	17.06.2 2	2,0	2,0	0,01	0,01				0,01
10	Шанақ	03.04.2 2	28.05.2 2	9,0	9,0						
11	Шарапхана	02.05.2 2	14.06.2 2	2,0	2,0	0,010	0,01				0,01
12	Шарбулақ	26.04.2 2	11.06.2 2	3,0	3,0	0,020	0,02				0,02
	Барлығы:	03.04.2 2	22.06.2 2	36,0	36,0	0,070	0,07				0,1

Аурудың даму дәрежесін бағалау үшін шкала қолданылды жалпы қабылданған әдіс бойынша:

$$P = n \cdot 100 / N, (1)$$

мұндағы P – далада аурудың таралуы (%);

N – тіркелген өсімдіктердің жалпы саны;

n – ауру өсімдіктердің саны [4].

Популяциядан монопустулярлы изоляттарды оқшаулау алдында жиналған биоматериалды сезімтал жерге алдын ала көбейту жұмыстары болды. Тұқымдар 0,5 л құмыраларға себілді. Ол үшін төмендегілерді пайдаланды.

Топырақ құрамы: 2/3 шымтезек-подзоликалық топырақ, 1/3 гумус қосылған аз мөлшерде құм. Топырақ бұрын үлкен тазартылған жер кесектері, тастар және өсімдік қалдықтары, содан кейін барлық бөліктер

мұқият араласып, гүл құмыраларына құйылады, онда 7-10 тұқым себілді және жердің үстіне себілген [5].

Бидайдың сары тат ауруы әлемнің көптеген аймақтарында таралған. Сары тат ауруының жиі ошақтары Еуропада, соңғы жылдары Орталық Азияның таулы аймақтарында кездеседі. Сары тат астық дақылдарының жапырақтарында ашық сары түсті сызықты пестула түрінде, сонымен қатар, кейде масақ және гүлді қабыршақтарында, түктері мен сабақтарында болуы мүмкін. Алғашында жапырақтың беткі қабатында ашық сарғыш түсті, ұзындығы 1-2 мм және ені 0,5 мм сопақша урединиялар пайда болады. Олар эпидермиспен қапталған, піскеннен кейін осы эпидермис жарылып көптеген уредоспоралар жапырақ бетіне шығады. Өсімдік аурумен қатты заладанған жағдайда жапырақтың бүкіл пластинкасы урединиялармен жамылады да, жапырақтар ширақталып, тез кеуіп кетеді. Аралық иесі әлі анықталмаған. Бидайда және басқа да астық дақыл-дарында сары тат толық емес цикл бойынша, яғни саңырауқұлақтың урединиоспоралары күздік бидай мен жабайы астықтар егінде қыстаса, көктемде жаздық астықтарға көшеді [6].

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кохметова А.М. Генетические аспекты адаптивности пшеницы [Текст]: – Алматы, – 2005. – 225 б.
- 2 Койшибаев М. Болезни зерновых культур [Текст]: - Алматы: «Бастау», 2002 - 367 с.
- 3 Уразалиев Р.А., Жангазиев А.С. Селекция озимой пшеницы на устойчивость к твердой головне [Текст]/ Физиолого-генетические основы повышения устойчивости и продуктивности сельскохозяйственных растений. - Алма-Ата, - 1988. - С. 45-46.
- 4 McIntosh R.A, Welling C.R., Park R.F. 1995. Wheat Rusts: An atlas of Resistance Genes. – CSIRO, Australia, – 1995. – 241p.
- 5 Доспехов Б.А. Методика полевого опыта [Текст]: – Изд. 4-е, – М.: Колос, 1985. -416 с.
6. Абиев С.А., Есенгулова Б.Ж. Роль промежуточных хозяев ржавчинных грибов злаков [Текст] / Вестник с.-х. науки Казахстана. – 1995 - №8. – С.36-47.

*Жұмыстың жетекшісі: аға оқытушы, PhD
Елназарқызы Р.*